

# Н ТУЫ

ЕТІНІҢ, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Сейсенбі

Шыруына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын

*Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Қоғамдық шаруашылықты онан сайын нығайтып, барлық жағынан өркендету үшін, колхоздар мен колхозшылардың табысын көбейту үшін күресіңдер! Еңбек тәртібін нығайта беріңдер! Колхоз тұрмысының негізгі заңы—ауылшаруашылық артелінің Уставын қасиетпен орындаңдар!*

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарынан).

## детуде йік

к жүргізіп, мол өнімден қалауға тиіс. Еңбекшілері қоғамдық өнімділігін арттырғанда 1952 жылғы 176,3 процент, шошқа саны 147,4 процент, мал басының өнімділігі де артады. 1940 жылмен салыстырғанда екіжарым есе, есе артық тапсырылды.

Съезі мал шаруашылығына бесжылдық ұран беріп, әрі көбейтіп, малды арттыру міндетін анықтады. СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь Ұрандарында мал тапсырылды.

Колхозшы әйелдер, балалары мен жұмысшылар және малдәрігерлер. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіңдер! Қысқы мал күтілуін Етті, сүтті, жүнді

## Ұлы Октябрь мерекесі құрметіндегі еңбек өрлеуі


### ★ Өндіріс озаттары

Партияның XIX съезінің тарихи қарарлары мен Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандары совет адамдарын жаңа батырлық істерге бұрынғыдан да күшті жұмылдыра түсті. Партияның директивалары мен Ұрандарына адамдарымыз еңбек өнімділігін арттырумен жауап беруде.

Шойын құю зауытының коллективі жылдық жоспарды мемлекет тағайындаған мерзімнен екі ай он күн бұрын орындап, кәзір 1953 жылдың есебіне өнім бере бастады. 1952 жылға арналған өндірістік программаны орындауда коммунист А. Стельмах жолдас басқарған құю цехы елеулі табысқа ие болды. Бұл цех заводта өндіріс тапсырмасын бірінші болып орындады.

Заводтың таңдаулы стахановшысы үлгі күйі Шойын Сұлтан Жузенов 1952 жылдың 10 айы ішінде екіжарым жылдың нормасын орындап, еңбек өнімділігін арттыруда және өнім сапасын жақсартуда елеулі табыстарға жетті.

Комсомолка Н. Вишнякова, комсомол Трошин жолдастар еселеген қарқынмен жұмыс істеп, көп өнім берумен Отанымызға лайықты тартулар тартты. Бұлар жарыста алған міндеттемелерін 150—200



Шағын двигательдер зауытының слесары комсомолец Н. Костырев Октябрьдің 35 жылдық мерекесі құрметіне алған міндеттемесін күнсайын 200 проценттен орындауда.

СУРЕТТЕ: Н. Костырев жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Жемшөп тасу қарқынды арпуда

Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» колхозының колхозшылары мал қыстатуды үлгілі өткізуге қолда бар күш

ның XIX съезінің қараларында қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жөнінде көрсетілген міндеттерді мүлтіксіз орындау үшін еселеген міндеттері мін

### ★ Жаңа жеңістердің жауынгерлік программасы

Петропавлдағы Октябрь революциясы атындағы былғары зауытының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Ленин—Сталин партиясының XIX съезінің құрметіне қабылданған міндеттемелерін аброймен орындады. Октябрь айының өндірістік программасын мерзімінен бірнеше күн бұрын аяқтап, жоспардан тыс ондаған мың сомның өнімін берді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарын завод коллективі еліміздің халық шаруашылығы үшін бұрынғыдан да мол өнім берудің жауынгерлік программасы ретінде қарсы алды.

—Совет адамдары табысқа мастанбайды. Завод жұмысшыларының еңбек өнімділігін кешегіден бүгін, бүгінгіден ертең асырып түсіруі өміріміздің салтына айналды, —дейді тері өңдеуші стахановшы Шмаков жолдас. —Партияның Ұрандары біз үшін бейбіт еңбекте жаңа жетістіктерге жетудің жауынгерлік программасы. Мен бұдан былай өндірістік тапсырманы күніне екі нормаға дейін орындауға міндеттеме алдым. Алған міндеттеменді аброймен орындаймын.

Стахановшының бұл сөзі коллективте

арттыруда Ленин ауданындағы Калинин атындағы, Копюхов ауданындағы Молотов атындағы колхоздар да айтарлықтай табыстарға жетті.

Алайда, қол жеткен табыстарға масаттануға болмайды. Жоғарыда айтылғандай, социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуде облыс еңбекшілері алдында аса зор күрделі міндеттер тұр. Ол — әрбір колхоз бен совхозда барлық егіс көлемінде дөңді дақылдардың шығымдылығын еселеп арттыру.

Бұл — аса күрделі міндет. Облысымыздың егіншілері социалистік ауылшаруашылығын өркендетудегі мұндай күрделі міндетті мінсіз орындап шығу үшін қажырлы күрес жүргізуге, алдағы көктем

облысты жеделше арттырылуға тиіс. Осыған сәйкес колхоз басшылары ауылшаруашылық артелінің сталиндік Уставы ережелерін қатаң сақтап, колхоздың өндіргіш күштерінің барлық жағынан молайып, алға басуына жетісуге міндетті.

Облысымыздың еңбекшілері! Бейбіт еңбек майданында табысты еңбек етіп, партиямыздың XIX съезін ССРО-ны өркендетудің жаңа бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында көрсетілген ұлы міндеттерді мінсіз жүзеге асырайық, сөйтіп, колхоздардың егін және мал шаруашылығын бірдей өркендетіп, оларды көп салалы шаруашылыққа айналдырайық!

## Совет мәдениет қайраткерлері делегациясының Қытайға баруы

ПЕКИН, 2 ноябрь. (СОТА). Қытай-совет достығы Қоғамының шақыруы бойынша қытай-совет достығының болғалы отырған айлығына қатысу үшін совет мәдениет қайраткерлерінің делегациясы, сол сыяқты, Совет Армиясының А. В. Александров атындағы Қызыл Тулы өң және би ансамблі бүгін Пекинге келді.

Пекин жұртшылығы совет елінің өкілдерін салтанатпен қарсы алды.

Совет мәдениет қайраткерлерінің делегациясын Қытай Халық Республикасының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Ли Цзи-шэнь, Сун Цзин-лин, Го Мо-жо, қытай-совет достығы Қоғамының және басқа қоғам ұйымдарының көптеген өкілдері қарсы алды. Совет делегациясының құрметіне вокзал жанындағы алаңда көп мыңдаған адамдар қатысқан митинг болды. Қытай-совет достығы Қоғамы атынан делегацияны Го Мо-жо құттықтады.

Совет Одағының бүгінгі күні, деді Го Мо-жо, Қытай Халық Республикасының ертеңгі күні екендігін, Совет Одағының жолы — Қытай Халық Республикасының жолы екендігін біз жақсы білеміз. Кәзір, деді Го Мо-жо, қытай халқы өзінің халық

лық шаруашылығын қалпына келтіріп, зор экономикалық құрылысқа кіріскен кезде советтік озат әдісті бұрынғыдан да батылырақ үйренуге, Қытай мен ССРО-ның достығын бұрынғыдан да нығайта түсуге тиіс. Міне, сондықтан да совет мәдениет қайраткерлері делегациясының Қытайға келуі Қытай мен Совет Одағы достығын нығайтуда зор роль атқарады.

Сөзінің соңында Го Мо-жо қытай және совет халықтарының мызғымас достығы құрметіне, қытай халқының ұлы көсемі Председатель Мао Цзе-дунның құрметіне қытай халқының ең жақын досы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі және ұстазы Генералиссимус Сталиннің құрметіне ұран тастады.

Совет мәдениет қайраткерлері делегациясының басшысы Н. С. Тихонов совет халқы атына ұлы қытай халқына жалынды сәлем жолдады. Сөзінің соңында ол совет және қытай халықтарының мызғымас мәңгі достығы, қытай халқының ұлы көсемі Председатель Мао Цзе-дунның құрметіне және бүкіл прогресшіл адамзаттың көсемі И. В. Сталин жолдастың құрметіне ұран тастады.

## Москва қалалық партия активінің жыйналысы

28 октябрьде Москвада, Одақтар үйінің Колонналы залында Москва қалалық партия ұйымы активінің жыйналысы болды.

Жыйналыс Совет Одағының Коммунистік партиясы XIX съезінің қорытындысын талқылады. Бұл мәселе жөнінде СОБП Орталық Комитеті мен Москва Комитетінің секретары Н. С. Хрущев жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы партияның XIX съезінің біздің еліміздің, сол сыяқты бүкіл прогресшіл адамзаттың өмірі үшін орасан зор тарихи маңызы бар екенін атап көрсетті. Съездің бүкіл жұмысы партия қатарының мызғымас бірлігін, партиямыздың өзінің сталиндік басшылығына терең сенетінін, оның Орталық Комитеттің төңірегіне топтасқанын, көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдасқа деген жалынды сүйіспеншілігі мен шексіз берілгендігін айқын көрсетті. Съезд асқан күшті жігермен партияның Орталық Комитетінің саяси бағыты мен практикалық жұмысын мақұлдады.

Орталық Комитеттің есепті баяндамасында, деді Хрущев жолдас, Маленков жолдас партияның істеген орасан зор жұмысын көрсетіп берді, халқымыздың съездер аралығындағы дәуірде жеткен бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерін сыйпаттап берді, халықтардың сәулетті болашағы жолындағы бұдан былайғы күрестің ұлы программасы болып табылатын XIX съездің қарарлары және Сталин жолдасстың тарихи сөзі туралы айтты. Бұл документтер еліміздің еңбекшілерін тамаша еңбекке, коммунизм құрылысында жаңа жеңістерге жете беруге жігерлендіреді, барлық елдердің еңбекшілерін халықтар арасындағы бейбітшілік жолындағы, соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы күреске жұмылдырады. Туысқан коммунистік және жұмысшы пар-

тияларының съезге арнаған саналуан құттықтауларында шетелдердің еңбекшілерінің біздің партиямызға сүйіспеншілігі мен сенімі білдірілді.

Съезд бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларды бекітті, бұл жоспардың жүзеге асырылуы біздің социалистік Отанның қуаттылығын онан әрі нығайтуды қамтамасыз етеді, съезд партияның Уставына өзгерістер енгізу туралы және партияның атын өзгерту туралы қарарлар қабылдады, партияның программасын қайта жасау жөнінде комиссия құрды. Сталин жолдас съезде сөйлеген тарихи сөзінде революциялық қозғалыстың тарихына және капитал елдеріндегі кәзіргі жағдайға маркстік терең талдау жасау негізінде туысқан коммунистік партиялардың күресі мен жеңісінің перспективаларын ашып берді.

Баяндамашы жаңа бесжылдықта белгіленген ССРО экономикасының барлық салаларының жаңадан күшті өркендейтіні туралы, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесінің онан әрі едәуір өсетіні туралы айтты. Ол Москва-ның партия, совет, шаруашылық және кәсіподақ ұйымдарының міндеттеріне толық тоқтады. Барлық кәсіпорындар жоспарларын барлық көрсеткіштер бойынша орындайтын ету керек, еңбек өнімділігін үздіксіз арттырып отыру керек. Өнімнің жоғары сапалылығы үшін күресу аса маңызды міндет болып табылады. Құрылыс материалдарын шығаруды ұдайы арттырып, құрылыстың құнын төмендетіп отыру керек, қала шаруашылығын үлгілі жүргізіп, астананың еңбекшілеріне қамқорлықты күшейту керек.

Партия съезі алға қойған міндеттерді орындауда төменнен болатын өзара сына мен сын, еңбекшілерді партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзбайтұй сақтау рухында тәрбиелеу жұмысын күшейту,

кадрларды тәрбиелеу тексеруді атқаруға т

Баяндам

коммунист даярлауды партия ұйым-нің бөлді.

Хрущевтың партия мунизмінің идеялық «ССРО-да проблемала бегінің ораты.

Сталин не XIX съ-ған, деді б да Хрущев ұйымдары бұрынғыдан низмінің жа табыстарға

Н. С. Хр бойынша з Шығып сөй рарларын б ның комму-лерінің съе жігермен о жұмыстағы кемшіліктер

Москва-ның терінің сек ский аудан ауданы) жо мысшылары ның XIX с туралы айт гертілген У зын атап а орындау па ғы елеулі партия жү-дан да жоғ «Трехгор-ның директ

## Ұ Р М Ы С Ы

ҒЫ партия топтарының  
ық күшейтілсін

ып, өндірістік олып отыр. Біз партия ұйым-қ және партия-есі әлі де болса режесінен кейін ты себептерінің ты ұйымдарына тері тарапынан қажетті көмектің міз керек. Партия комитеттері байланысты, мында коммунист-бастауыш пар-ларының жұмыс-ейді. Бастауыш секретарларының де тікелей жү-рті ұйымының ын жоқ. Сондық-ригадалар мен істейтін комму-олардың жү-ауға мүмкінші-і жағдай пар-ы, партиялық ал фермаларына ағы басқа сала-артия топтары ді. Партия топтары ымай келеді. ың саны колхоз ының санынан оқолов, Октябрь, тия топтарын берілмей отыр. қ партия коми-тия топтарын қол үзіп отыр. олов және Ок-тауыш партия

болғанда партия топтарының жұмысымен терең танысу және оның жұмыс тәжірибе-лерін жыйнақтау арқылы бастауыш пар-тия ұйымының секретарлары мен пар-тия топтарының жетекшілеріне партия топтарының жұмысын дұрыс ұйымдасты-ру жөнінде практикалық көмек көрсетуге тиіс. Партия топтарының басты міндеті саяси бұқаралық жұмысты кеңінен өріс-тетіп, колхозшы- шаруаларды еңбек тәр-тібін қатаң сақтау, қоғамдық меншікке ұқыптылықпен қарау рухында тәрбиелеу болып табылады. Социалистік жарысты ұйымдастыру мәселесіне партия топтары үнемі назар аударып отырулары керек. Партия топтары бригадирлер мен мал фермаларының меңгерушілеріне және бар-лық коллективке социалистік міндеттеме-лерді дұрыс қабылдау, барлық колхозшы-лардың социалистік жарысқа ұштасуын ұйымдастыру жөнінде көмек көрсетуге тиіс. Сонымен қабат, социалистік жарыс-тың барысын үнемі қорытып, оның нәтиже-лерін қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарда және көрсеткіш тақталарын-да жариялауды ұйымдастыруға тиіс. Партия топтары әкімшілік міндетін атқармай, колхоз өндірісін терең зерттеп білу арқылы бригадирлер мен мал ферма-лары меңгерушілерінің жұмысына көмек-теседі. Сөйтіп, олардың беделін көтереді. Партия топтары өздерінің жыйналыста-рында бригаданың, ферманың жұмысы жа-йы туралы бригадирлердің ферма меңгеру-шісінің хабарын тыңдап, істегі кемшілік-терді батыл ашуға және ол кемшіліктерді жою жөнінде кеңес беріп, көмек көрсету-ге тиіс. Партия тобының жыйналысын шешуді қажет ететін мәселелердің тұрғы-сына қарай шақыру керек. Партия тобы-ның жыйналыстарында өндірістік ғанз емес, сонымен бірге, партия тобының

Буденный  
атындағы колхозда  
колхоз радиоторабы

— Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!  
Москвадан сөйлеп тұрмыз!

Күн сайын таңертенгі сағат 9-да колхоз мүшелері радио арқылы Москвадан сөйлеп тұрған диктордың осы сөздерін естиді. Олар Отанымыздың астанасы Москвадан елімізде болып жатқан жаңалықтарды, шет ел хабарларын, концерттер тыңдап отырады.

Колхозда «РУ—10» маркалы ра-диоторабы жұмыс істейді. Колхоз-шылардың үйлері түгел дерлік ра-диоландырылған.

## ЖАҢА КЛУБ

Колхоз басқармасы колхозшылар-дың мәдени және рухани тілегін өтеуге зор көңіл бөле отырып, кол-хозшыларға арнап жаңа клуб сал-ғызды. Клубтың 300 кісілік орны бар. Оның жанынан кітапханаға арнап бір бөлме бөлінген.

Кәзір клуб селодағы мәдениет ор-талығына айналады. Мұнда колхоз-шыларға кино, ойын- сауықтар көр-сетіліп, концерт беріліп тұрады, түр-лі тақырыптарға лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады.

## ҚОСЫМША ЕҢБЕККҮН АЛДЫ

Колхоз жылқышылары Г. Екишин, Валушков және Харитонов жолдас тар жылқы басын көбейту жолында аянбай еңбек етіп келеді. Олар үстіміздегі жылы 24 биенен 24 құ-лын алып, оларды аман өсірді және бірде-бір жылқыны шығынға ұшы-ратқан жоқ.

Колхоз басқармасы жылқышылар-дың бұл еңбегін бағалап, оларға қосымша еңбеккүнге 6 центнер би-дай берді.

ДИРМЕН ТОҚТАУСЫЗ  
ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 2 ноябрь. (СОТА). Корея Ха-лық -Демократиялық Республикасы Ха-лық армиясының Бас командованиесі бү-гін Корея Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары бұрынғы

алып тұрған шептерінде америка- ағы-шын интервенттері мен лисыманшыл әс-керлерге қарсы ұрыстар жүргізді деп ха-барлады.

Американ әуе жендеттерінің Кореядағы  
жаңа аюандықтары

ПХЕНЬЯН, 1 ноябрь. (СОТА). Американ агрессорлары Солтүстік Кореяның бейбіт елді пункттерін аюандықпен бомбалауға ұшыратуда. Кореяның Орталық телеграф агенттігі 31 октябрь күні таңертенгі са-ғат 4-те «ұшқыш қамал» деп аталатын 7 американ ауыр бомбардировщиктері Оң-түстік Пхеньян провинциясының Тэдон уезіндегі елді пункттерге тағылықпен ша-буыл жасап, әртүрлі калибрлі көптеген бомбалар тастады. Осы бомбалаудың нәти-жесінде 80-нен астам адам қазаға ұшы-рады және жараланды. Олардың көпшілігі әйелдер, қарттар мен балалар. Көптеген

шаруалардың қора-қопсылары қыйратыл-ды.

Ноябрьдің 1-нен 2-не қараған түні аме-рикан авиациясы Пхеньянды және оның төңірегін қайтадан аюандықпен бомбалау-ға ұшыратты. Бомбалауға «ұшқыш қа-мал» бомбардировщиктерінің үлкен бр-тобы қатысып, олар әртүрлі калибрлі 310 бомба тастады.

Әресе, Пхеньяның Солтүстік жағын-дағы Намбуксари, Садонри және Замри кварталдары елеулі қыйратушылыққа ұшырады. Бейбіт халықтың арасынан көптеген адамдар қаза тапты.

Герман Демократиялық Республикасы Халық  
палатасының председателі Дикманның  
Батыс Германия Бундестагының председателі  
Элерске жазған хаты

БЕРЛИН, 1 ноябрь. (СОТА). АДН агент-тігі бүгін Герман Демократиялық Респу-бликасы Халық палатасының председателі Иоганнес Дикман 1952 жылы 31 октябрь күні Батыс Германия Бундестагының председателі доктор Элерске хат жазған-дығын хабарлады. Онда былай делінген:

«Үстіміздегі жылы 19 сентябрь күні Герман Демократиялық Республикасы Ха-лық палатасының 5 сентябрь күні сай-ланған құрамында 5 адамы бар делега-циясы Сізге және Бундестагтың барлық депутаттарына арналған Халық палатасы-ның хатын Сізге тапсырған болатын. Ха-ты бергеннен кейін Сіз біздің делегацияға Бундестаг депутаттары хат жөніндегі өз-

ния өкілдерінің арасында ортақ келісімге келу үшін Бундестаг пен Халық палата-сы өкілдерінің арасында келіссөз жүргізі-летін болсын;

3. Бүкіл Германияда еркін сайлау өткізу дің жағдайларын тексеру үшін Шығыс және Батыс Германия өкілдерінен комис-сия құрылып, осы комиссияны құру жө-нінде ашық түрде келіссөз бастап, сол сияқты, оның жұмыс істеу мерзімі таға-йындалсын;

4. Халық палатасының делегациясына талқылануға тиіс барлық мәселелер жө-нінде Халық палатасының көзқарасын не-міс Бундестагының алдында еркін және ешбір кедергісіз баяндауға мүмкіндік

# Д. Н. МАМИН - СИБИРЯК

(Туғанына 100 жыл толуына)

Д. Н. Мамин-Сибиряк—ұлы орыс халқының бай мәдениет қазынасына үлкен үлес қосқан реалист жазушы, капитализмнің арандатушылық күшін аяусыз әшкерелеген сыншыл, шебер суретші, өз елінің патриот ұлы.

Мамин-Сибиряк шығармаларының барлығы дерлік өзі туып өскен Урал тақырыбына арналған. Бірақ, бұдан Мамин-Сибиряк өз өлкесін ғана жырлап өткен жазушы деген ұғым тумайды. Талантты жазушы Уралдың өзіне тән ерекшелігін көре отырып, оның бүкіл Россиямен тағдыры бірлігін және тарихи байланысын жақсы түсінді. Ол Уралдың өткен крепостниктік жағдайын және Урал өміріне капиталистік қатнастардың ене бастауын көрсеткенде, жалғыз уралдық емес, бүкілроссиялық жағдайды аңғартты.

Мамин жастайынан сезімтал, алғыр жайдары бала болып өсті. Әкесінің шағын кітапханасында оның оқуына кітап жеткілікті еді. Ол Пушкин мен Гоголь бастаған орыс әдебиетінің классиктерін оқып, олардың азаттық рухынан нәр алды, ата-аналары алдырып оқыған «Современник» журналы мен Добролюбов шығармаларының бетінен сол жылдардағы революциялық қозғалыстардың дабылын естіді.

Болашақ жазушының қоғамдық ой-пікірі мен дүниеге көз қарасының қалыптасуына өзі өскен ортасы — сонау Пугачев көтерілісі кезінен келе жатқан жұмысшылар ортасы себепші болды. 14 жасқа дейін ешжаққа шықпай осы заводта өскен Мамин жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың азапты, ауыр тұрмысын көріп, Уралдың өткен өмірі жайында, Пугачев туралы көптеген аңыз, әңгімелер естіді. Мұның бәрі сезімтал жастың рухани кү-

шін нығайтып, өмірді дұрыс түсінуге көмектесті.

1866 жылы Мамин Екатеринбург қаласындағы екіжылдық рухани училищеге түсіп оқыды. Бірақ, шын өмірден аулақ тұрған бұл оқу орны оқушыларына дүре мен мағнасыз бос сөздерден басқа үйренерлік, рухани азық боларлық ешнәрсе де бере алған жоқ. Ал, шын мәнінде Маминге әрнәрсені аңғартып, ой салған, сана-сезімін оятқан Пермьдегі 4 жылдық рухани семинария болды. 1861—1862 жылдары бұл семинарияда студенттердің революциялық үйірмесі жұмыс істеп, кейін ол таратылып, талқандалған болатын. Бірақ, Мамин оқуға түскен кезде де, семинарияда азаттық идеялардың үні, оның студенттерге әсері әлі де болса күшті еді. Семинария басшыларының қатаң бақылауы мен қорқытуына қарамастан, Мамин өз жолдастарымен бірге, шіркеуге барудың орнына, құпия кітапханаға барып, революциялық рухта жазылған кітаптар оқып жүрді. Сөйтіп, ол семинариядан өмірге сын көзімен, саналы түрде қарайтын, көңілі ояу студент болып шықты.

Маминның идеялық жағынан өсу, іздену дәуірінің бір кезеңі медицина-хурургия академиясында өтті. Бірақ, Петербургте өткізген 5 жыл (1872—1877) ол үшін нағыз сәтсіз жылдар болды. Академияның өзі қалаған медицина бөліміне түсе алмай, ветеринария бөлімінде 4 жыл оқығаннан кейін, ол Петербург университетінің заң факультетіне ауысып түсті. Туберкулез ауруына шалдығуы себепті ол мұнда да көп оқып алмай, ақыры астанадан кетіп қалды.

Астанадан болған жылдары Мамин оқудан гөрі әдеби қызметпен көбірек шұғылданды. Урал өмірінен алып көптеген ірілі-

уақты шығармалар, әңгіме, очерктер жазды. Бірақ, оның алғашқы шығармаларының көпшілігінің көркемдік сапасы нашар, идеялық жағынан ұстамсыз, әлсіз болды. Оны кейін автордың өзі де мойындады. Дегенмен, оның бұл еңбектері текке кеткен жоқ. Бұл оның үлкен жазушылық қызметі алдындағы әзірлік мектебі болды.

Уралға қайтып келгеннен кейін Мамин туған өлкесін аралап, өмірді терең зерттеуге кірісті. Көп жайларды ол көзімен көрді, қарт жазушылармен әңгімелесіп, өз өлкесі туралы жазылған әдебиеттермен танысты. Міне, осындай зерттеудің нәтижесі ретінде 1881—1882 жылдары «Уралдан Москваға дейін» деген атпен Маминнің бірнеше очерктері және басқа да әңгімелері түрлі журналдарда басылып шықты.

Мамин-Сибиряктің таланты, жазушылық шеберлігі, өзіндік стилі 1883 жылы жарияланған «Привалов миллиондары» атты белгілі романында айқын көрінді. Бұдан кейін жазған «Тау-кен ұясы», «Алтын», «Үш жақ», «Астық» және басқа да роман, повестілер жазушының атын даңққа бөлеп, бүкіл орыс жұртшылығына әйгіледі.

Мамин-Сибиряк осындай ірі шығармаларынан басқа Урал өмірін шынайы суреттеген көптеген әңгіме, очерктер, халық фольклорына негізделген ертегілер, аңыз әңгімелер жазды. Оның қазақ тақырыбына арнап жазылған «Баймаған», «Майя» сыяқты аңыз әңгімелері қазақ тұрмысын асқан шеберлікпен шынайы суреттеп көрсеткен шығармалар.

Мамин-Сибиряк шығармаларының қай-қайсын алсаңыз да онда Урал өмірінің шындығы айқын көрінеді. Онда халықшылдар әдебиетіндегідей крепостниктік өмірді әсірелеп, мақтап көрсету кездеспейді. Сол сыяқты, Мамин-Сибиряктің суреттеуінде орыс халқы қожасына құлдық етуден басқаны білмейтін, дәрменсіз, топас тобыр емес, ол — қолынан келмейтіні жоқ, талантты, іскер халық, қаһарланса

камал бұзатын зор күш болып бейнеленеді.

Тұрмыстағы теңсіздікті, байлық пен кедейліктің арасындағы бітіспейтін қарама-қарсылықты, бүкіл қарама-қарсылықты шығу себептерін көркем суреттеп көрсетуімен, капиталистік құрылыстың зиянды мерездерін ашып, батыл әшкерелеумен Мамин-Сибиряк тек сыншыл реалист қана. Ол өз творчествосында бұдан жоғары сатыға көтеріле алған жоқ.

1912 жылға дейін өмір сүрген Мамин-Сибиряк Россияның жұмысшы табын, оның 1905 жылғы бірінші революциясын көзімен көрген жазушы. Бірақ, пролетариаттың капитализмді қыйратып, социалистік қоғам орната алатын бірден-бір негізгі күш екенін түсінбегендіктен, ол өз шығармаларында капиталистік құлдықтан құтылудың жолын, күрес жолын ұсына алмады. Өйткені, ол пролетариаттың болашағына сенбеді, марксизмді түсінбеді. Оның болашақты болжай алмай қалуына, әсіресе, 1905 жылғы революция жеңілгеннен кейінгі реакция себеп болды. Оның негізгі қателігі де, кемшілігі де күрес жолын көрсете алмағандығында.

Бірақ, ол қанша қателескенмен, Россияны крепостнойлыққа қарай кері бұрмақ болған халықшылдар жолына да, Россияның болашағынан үмітсізденіп, торыққан реакцияшылдар жолына да түскен жоқ. Ол бұрынғысынша өз Отанын шын сүйген, Отан жауын мейлінше жек көрген нағыз патриот болып қалды. Ол өзінің тамаша шығармалары мен халқына адал қызмет етті. Міне, сондықтан да Д. Н. Мамин-Сибиряк совет адамдарына сондай қымбат, сондай сүйікті. Ол тек совет өкметі тұсында ғана орыс әдебиетінің тарихынан өзіне лайықты орын алды. Көп ұлтты совет халқы Мамин-Сибиряктің мәңгі өлмес шығармаларын дүйсіне оқып, ардақтайды, мақтаныш етеді.

Ә. АХМЕТОВ.

ОТТАВА, 2 ноя  
лікті қорғаудың Б  
шілікті қорғаудың  
ашылатын мерзімі  
ланысты бүкіл ел  
тың кеңінен өрісте  
лады. Митингілер  
кізіліп, онда бейбі  
мен байланысты м  
Квебек қаласына  
дың халықтар Көп  
бейбітшілік үшін і  
кеп шауқанына ай

## Уругвай

МОНТЕВИДЕО, 2  
вай Коммунистік П  
митеті «Хустиция»  
лімдеме жариялап,  
циалистік революци  
империализмнің бүг  
тен азат етілген б  
тары социализмді о  
уақытта, империали  
отырған елдердің  
дері бейбітшілік жа  
үшін күреске атта  
ленейін деп отыр.  
бүкіл уругвай халқ  
листік революциясы  
қылмысты түрде  
даярлап, біздің елі  
отарына айналдыр

«УДАРНИК» кин

«МОСКВАД

Сеанстар сағат 4

«АК

Сеанстар сағат

Касса сағат 3-те

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторд  
партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе —